



Павлодар облысының білім беру басқармасы
«М.М. Катаев атындағы Оқушылар сарайы» КМҚК

Ашық сабақ:



**Тақырыбы «Дымқыл жүннен моншақ жасау
технологиясы»**

«Сырмак» ұлттық қол өнер студиясының жетекшісі: **Жағслах Дәуірбек
Жақсылыққызы**

Павлодар қаласы 2018

Тақырыбы: «Дымқыл жүннен моншақ жасау технологиясы»

Сабақтың мақсаты:

Білімділігі:Балаларды ұлттық әшекей түрлерімен таныстыру.

Дамытушылығы:Жүннен әшекейлер жасау арқылы іскерлікке үйрету,шығармашылық ой өрістерін,шеберлік қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелігі:Эстетикалық талғамға,ұқыптылыққа,шыдамдылыққа,өз бетінше жұмыс істей білуге,өнерге баулу.

Сабақтың түрі:Аралас,сарамандық жұмыс

Сабақтың әдісі:Түсіндіру,сұрақ жауап,өз ара іздене білу

Көрнекілігі:Ұлттық әшекейлердің суреттері,Жүннен жасалған дайын әшекейлер,жүн,моншақтар су,сабын,ине,жіп,орамал

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі. «Мен бәрін жасай аламын»

II. «Ой қозғау»жұмбақ шешу

III. Жаңа сабақты түсіндіру. Ұлттық әшекей түрлерімен таныстыру.

IV. Сарамандық жұмыс,техника қауіпсіздік ережелерін қайталау.Екі топқа бөлу.
«Іскер» тобы сәнді моншақтар жасайды. «Шебер» тобы өңір таққыш (брошка)

V. Сергіту сәті: Берілген мақал мәтелдерді толықтыру.

VI. Жаңа сабақты қорытындылау. Сөз жұмбақ шешу

I. Ұйымдастыру кезеңі. Балалармен сәлемдесу,сабаққа зейін аударту мақсатында психологиялық дайындық минуты өткізіледі. «Мен бәрін жасай аламын»деп әр бала батыл болу үшін мынадай сөздер айтады.

1.Бүгінгі күн тамаша

2.Мен өзімді жақсы сезінудемін

3.Менің көңіл күйім жақсы

4.Мен барлығы қолымнан келетініне сенімдімін

II.Ой қозғау:

Тап-тап тап жорға

Табаны жоқ боз жорға

Желіп кетсе жеткізбес

Жерге түссе таптырмас. (Ине)

Басы екеу,аяғыда екеу. (Қайшы)

III. Жаңа сабаққа кіріспе:Қол өнер мол өнер.Қол өнер халық өмірімен тұрмысымен бірге жетіліп біте қайнасып келе жатыр.Сан алуан түрлі қол өнер бұйымдары әсемдігі,өрнегі,тұрмыстық сән беруімен адамдарға рухани ләззат әкелген.Осылардың ішіндегі кигіз басу өнеріне тоқталайық.Кигізден арқан жіп,киіз үй жабдықтарын, киімдер, текемет төсеніштер,аяққап,шекпен сияқты ең қажетті мүліктер жасаған.Қазіргі уақытта жаңа технология бойынша жүннен алуан түрлі бұйымдар,картиналар,әшекей бұйымдар жасалынады



Моншақ — мойынға тағатын әшекей бұйым. Моншақ ұсақ, түрлі-түсті, пішіні әр түрлі (шар тәрізді, сопақша, қырлы) болады. Моншақ сөзінің әу бастағы алғашқы мағынасы “*мойынға байлау*” екендігі сөзсіз. Моншақтың сонау ерте замандарда қолданыста болғандығын қазба жұмыстары нәтижесінде табылған әшекей бұйымдары



Білезік– білекке тағылатын әшекейлі, сәндік бұйым. Білезік сөзінің түп-төркіні білек және жүзік (білекжүзік — білежүзік — білеүзік — білезік) сөзінен туындаса керек. Білезік қымбат металдардан жасалады. Білезіктің көлемі, пішіні, әшекейі әр алуан болады. Оған асыл тастардан көз орнатылады, алтын не күміс жалатып қос білезік, бұрама білезік, жалпақ білезік, жұмыр білезік, өбістірме білезік, т. көп;



Жүзік — соғу, қалыптау, ширату, сәндеу арқылы жасалып, сәндік үшін саусаққа салынатын әшекейлі сақина. Палеолит дәуірінде сүйектен, неолит дәуірінде тастан, қола дәуірінде металдан жасалған. Қазақ халқы асыл тастардан көз қондырылғанын Жүзік, тасы жоқ, тек алтын, күмістің өзінен ғана көз шығарғанын сақина, көзі жоқ шығыр түріндегісін балдақ деп атайды. Жасалу мәнеріне қарай немесе көздеріндегі тастардың атымен алтын *Жүзік*, күміс *Жүзік* деп, сақиналар құсмұрын, түйетабан, жүрекше, т.б. болып аталған. Ер мен әйелдің *жүзік*, балдақ ауысуы шын сүйіспеншіліктің белгісі саналған.

IV.Сарамандық жұмыс.

Техника қауіпсіздік ережелерін қайталау.

- 1.Жұмыс барысына керекті құрал-жабдықтарды түгенде!
2. Инені арнайы ине салғышта немесе жастықшаға түйре!
- 3.Қайшыны ашық ұстама,ұшынан ұстап сабымен бер.
- 4.Жіптерді қолмен үзбей, қайшымен қию керек.
5. Моншақтарды арнайы ыдыста немесе қорапта ұстаңыз.

Сарамандық жұмыстың барысы:

Оқушылардың екі ауылға бөлеміз.

«Іскер» ауылы, «Шебер»ауылы

«Іскер» тобы сәнді моншақтар жасайды. «Шебер» тобы өңір таққыш (брошка)

Таратылған жұмыс реті бойынша сендер жұмысқа дайынсыңдар.Олай болса,ауыл бойынша жұмысымызды бастаймыз.

«Шебер» тобы өңір таққыш (брошка) жасау жолдары

1. Жасайтын әшекей түрін таңдау. (брошка,заколка,абадок)
2. Жүнді мата бетіне біркелкі етіп тегістеп жаю
3. Ыстық су себу,сабындау
4. Сағат тіліне қарсы бағытта қолды орамалап ысқылау.
5. Дайын бұйымды шетін қиып ретке келтіру
6. Басылған кигіз бетіне үлгіні қойып қию
7. Қиылған гүл күлтелерін бір-біріне тігу
8. Фетрден дөңгелек қию
9. Дөңгелекке бекіткіш орнату
10. Дайын гүлді дөңгелекке орнату

«Іскер» тобы сәнді моншақтар жасау жолдары (бусы,браслеты,колцо,сережка)

1. Жүнді тегістеп арнайы салапан бетіне жаю
2. Жүнді белгілі бір мөлшерде алу
3. Қолдың ұшымен нығыздап домалақтап аламыз
4. Сабынды сумен сулау
5. Алақанда ақырын домалату
6. Жылдам екі алақанда басу
7. Басылған моншақты кептіру
8. Ине ,жіп,шыны моншақтар дайындау
9. Жіпке бір жүн моншақ,екі шыны моншақтан өткізу

Жүн (киіз) шар тәрізді киіздерді басу үшін кез келген жүн пайдаланылады, жіңішке, жартылай жіңішке, меринос, ангор және т.б. Жіңішке әрі нәзік жүннен әдемі және тегіс түйіршіктер пайда болады.





Сабын: кез келген кондиционерсіз және иіс майлы қоспаларсыз сұйық сабынды пайдалануға болады. Ыдыс-аяқты жууға арналған сұйықтықтарды қолданбаңыз, көбіктің көп болуы киіздің басылуына кедергі келтіреді.

Жылы суы бар ыдыс;

Таспа;

Үлкен тесігі бар ине, таспаға моншақтарды жинау үшін.

1 кесте киізден моншақ жасаудың технологиялық картасы

№	Жұмыс атауы	Фотосуреттер
1	2	3
1	<p>Шар тәрізді киіздерді басу үшін кез келген жүн пайдаланылады, жіңішке, жартылайжіңішке, меринос, ангор және т.б. Егер сізде тәжірибеңіз жетіспесе үлкен түйіршктерді жасаудан бастаңыз</p>	
2	<p>Орамнан біршама жүнді (мысалы 1-2 грамм) үзіп алыңыз. Киіз басу кезінде жүн тығызданып қалуы мүмкін, сондықтан жүнді көбірек алуға тырысыңыз. Жүннің тығызданып қалуы жүннің өзіне және сіздің ынтаңызға байланысты, көбінесе жүн 1,5 – 2 есе тығызданады..</p>	
3	<p>Жүнді үстел үстіне қойып тығыз шар тәрізді фигураға айналғанға дейін домалатыңыз. Бүйір жақтарын ортасына қарай, кейін төменгі бөлігін жоғары жиыңыз.</p>	
4	<p>Жүнді домалатып орауды тығыз шарға айналғанға дейін жалғастырыңыз.</p>	

5	<p>Шар тәрізді жүнді жылы сабынды суға салыңыз. Бұйымды тарқатылып қалмауы үшін саусақтармен ұстап тұрып, түгелдей сабынды суға батырып, содан кейін шығарып домалату керек</p>	
6	<p>Әр түрлі бағыттарға қарай домалатып, шардың пішінін келтіру керек. Бұл кезең 1-2 минут алады. Шар тығызданған кезде, екі алақанның арасында домалатып шардың кейпіне келтіреміз. Алғашқы 1-2 минутта шар жұмсақ болады, сондықтан қатты күш түсірмеңіз. Кейін ол тығызданады.</p>	
	<p>Алақанның арасында домалатуды аяқтап, салқын суға малып сабынның ертіндісін шайыңыз. Егер пішінін жоғалтса аздап домалатыңыз.</p>	
	<p>Кептірілгеннен кейін шар дайын!</p> <p>Енді олардан моншақ құрауға болады, әрбір шарды инемен тесіп таспаны өткізіңіз.</p>	

V. Сергіту сәті:Берілген мақал мәтелдерді толықтыру.


Өнерді үйренде.....(Жирен)

Үйренгенің өзіңе, істегенің еліңе.....(кұт)

Еріншектіңбітпейді (ертеңі)

.....ойғанның ойы ұшқыр (Ою)

VI.Жаңа сабақты қорытындылау, бекіту. Сөз жұмбақ шешу



Тігінен:

1) Жүннен дөңгелеп жасалған, шар тәрізді зат. (Моншак)

3) Білекке тағылатын әшекейлі, сәндік бұйым.(Білезік)

4) Сұлулық үшін құлаққа тағалатын сыңғыр-сыңғыр бұйым.(Сырға)

Көлденең:

2) Қыздардың бұрымға немесе шашқа тағатын әшекейі. (Шашбау)

5) Мойынға тағалатын безендірілген бұйым.(Алқа)

6) Киімге сән берер түйрелетін әсем әшекей.(Түйреуіш)

Жас жұбайларға арналып соғылатын зергерлік бұйым.

а) алқа ә) жүзік б) неке сақинасы.

Қолға тағатын әшекей бұйым.

а) тамақша ә) білезік

Балалардың жұмыстарына талдау жасай отырып, оқушы жұмысын бағалау.

Сабақты қорытындылау. Жасаған әшекей бұйымдарын көрсетіп қалай жасағандарын әңгімелеп береді.